



**БҰЙРЫҚ**

01.09.2022 № 200  
Нұр-Сұлтан қаласы

**ПРИКАЗ**

город Нур-Султан

**2022-2023 оқу жылында  
мектепте тамақтандыруды  
ұйымдастыру туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының 2019 жылғы 29 тамыздағы №513 бұйрығы негізінде, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43-бабының 11 тармақшасына, 45- бабының 3- тармағына 4 тармақшасына, 48-бабының және 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілерді, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларың бекіті туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйырығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Директордың оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Ташеноваға, әлеуметтік-педагог Д.М.Даулетбаеваға:

1. Мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.

2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы бар санның есебіне тапсырылсын.

3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.

4. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қолжетімді жеріне орналастырылсын.

5. Мектеп медбикесі Р.Денисенкоға:

Оқушылардың тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға ҚР басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.

6. Асхананың кезекшілігіне оқушыларды тартуға тыйым салынсын.

7. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескері, сабақ арасындағы қоңырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

8. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.

9. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.

10.Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уактылы берілсін.

11.Буфеттік тамақтану бағасы( преЙскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алынсын.

12.Оқушыларды тамақтандыру жүйесі білім беру ұйымдарында қойылатын сан.эпид.нормаларға сәйкес(газдалған сусындар, фасфут,шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

13.Бас есепші Г.Сыздыковаға:

Бастауыш сынып оқушыларын тамақтандыруға бөлінген жергілікті бюджет қаражатының мақсатты түрде, уакытылы жұмсалуды бақылауды жүзеге асырсын.

14.Мектепте жоғары сапалы ыстық тамақ жасауды( қолма-қол ақшасыз төлем жүйесі, асханадағы, тамақтандыру блогындағы, Бейнебақылау камералары, тамақ дайындау процесін, сондай-ақ тамақ өнімдерін, мәзірлерді сақтау жағдайларын бақылауға алынсын.

15.Осы бұйрықтың орындалу барысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор м.а.



М.Даржанова